



Диаграмма 1

В ходе проведения практической части работы был разработан комплекс заданий для проведения уроков иностранного языка, который был применён в интегрированном классе. Здоровые дети и дети с ограниченными возможностями вместе выполняли эти задания. Ученики проявляли толерантность по отношению друг к другу. Важным аспектом при обучении иностранному языку является создание благоприятной социальной среды для детей с ограниченными возможностями.

Большое влияние на учебный процесс оказывает его правильная организация. Учитывая слабую способность к концентрации внимания детей с нервно-психическими заболеваниями, на каждом этапе, перед каждым новым видом деятельности нужно предусматривать работу по организации внимания.

Результаты данной научной работы будут в дальнейшем применены на уроках английского языка в инклюзивных классах. Работа по индивидуальным программам обучения, использования игровых приемов, и систематическое повторение изучаемого материала позволяет добиться хороших результатов в обучении английскому языку в целом и чтению на английском языке в частности.

Литература:

- 1 Концепция инклюзивного образования в Республике Казахстан.
- 2 Государственный образовательный стандарт Республики Казахстан.
- 3 Конвенция о правах ребенка в Республике Казахстан
- 4 Маслыко Е.А., Бабинская П.К. Настольная книга преподавателя иностранного языка. Минск.
- 5 Английский язык; материалы для коррекционно-развивающих занятий с учащимися. авт.-сост. Е.Н.Попова.- Волгоград: Учитель, 2007.

Абзал А., Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Бизнес және құқық факультеті СР-21к тобының студенті
(Ғылыми жетекшісі - оқытушы **Ертай Х.**)

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Бүгінгі жаһандық даму кезеңінде әлеуметтік қызметкер адамның қасиеттері, оның жеке тұлға адам ретіндегі адамгершілік және рухани сапаларымен анықталады. Олар мыналар:

Адалдық – әлеуметтік қызметкер үшін өте қажет етілетін сапалық қасиет. Маманның ақылдылығы, ептілігі, шындықты айта алуы оның өз ісіне деген жауапкершілігін сезіндіреді. Әлеуметтік қызметкер өзінің клиентінің жағдайы туралы, оның проблемасын шешу мүмкіндігі туралы, жұмыста кездесетін қиындық туралы, жіберілген қателері туралы шындықты айтуы керек. Адалдық тек қана сөзбен ғана емес, іспенде көрінуі тиіс. Әлеуметтік қызметкер клиентінің күткен үмітінің алдында құқығы жоқ, егер оған орын дайын, көмектесем деп уәде берсе, оны қандай жағдайда да орындауы тиіс. Белгілі бір себептермен уәде берген ісін орындай алмай қалса, өзінің клиенттеріне ол туралы хабардар етуі керек.

Әлеуметтік қызметкер ар-ұжданы оның мінез-құлқына моральдік жауапкершілік сезінуінен байқауға болады. Өзінің жеке басының жақтық, игілік және әділдік туралы түсінігіне сай қажеттілігі

оның бойындағы рационалды және эмоционалды компоненттерді сақтайды. Ар-ұждан әлеуметтік қызметкер қоғам мен кәсіби топтың талабына жауап бере алатын адамдық қасиет. [1]

Әлеуметтік қызметкердің клиентіне, олардың жақындарына өз әрекеттері мен қарым-қатынастарда кейбір адамдарға симпатиясы және антипатиясы болуы мүмкін. Бірақ олар әлеуметтік қызметкердің әртүрлі клиенттермен жұмыстарда көрінбеуі керек. Клиент оған қандай да бір сезім тудырсын. Оның клиентке қарым-қатынасқа тең мейірімді және ілтипатты болуы керек.

Ал олардың проблемалары теңбе-тең бағынуы тиіс. Әлеуметтік қызметкерге клиент ұнай ма, ұнамай ма бұл клиентке көрінетін қызметтерде сандық, сапалық жағынан көрінбеуі керек. Әділеттілік әріптесімен қарым-қатынас кезінде оның әрбір әрекетін асырып та емес, төмендетіп те емес. Оның еңбегі немесе кемшіліктері әділетті бағасын алуы тиіс. [2]

Әдептілік адам бойындағы жағымды қасиет, оның адамдармен қарым-қатынастарда сыпайылық, ізгілік, мейірімділік танытады. Әбу Насыр Әл-Фарабидің «Қайырымды қала адамының көзқарастары» атты еңбектерінде әдептілікті әрбір жеке тұлғаның рухани байлығы деп есептеді. Ғұламаның этика жөніндегі тұжырымдамада жақсылық, мейірбандық категориясы басты рөл алады. Сондықтан мейірбандық, әдептілік ұғымын толықтырып, үнемі жетілдіріп отырады.

Надандық – жас баланың сөз айтудан ұялған сияқты, ақылы қысқа, өрісі тар, ойы таяз жанның нәрсеге ұялуы. Шын ұят – шарифатқа, абыройға теріс, ақылға сыйымсыз, жат қылықтан ұялуы. Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы қылған қылықтыңынан өзін сөгіп жазадау. Шәкәрім барлық әдептілік түсініктерін ар іліміне топтастырады. Ары бар кісі дана, иманды, ізгі, парасатты болып келеді. Оның пікірінше, руханияқ жеткізуге төрт жол бар. Олар: еңбек, өнер, жалпы білім, ар ілім. [3]

Мейірімділік – адамның өзге біреуіне жылулығын, ізгі ниеті мен лебізін білдіретін көрінісі. Мейірімділік адамдар арасындағы сыйластық, кең пейілділік, жанашылдық, ізгі ниет секілді қасиеттерге негізделеді. Мейірімділік адамның жоғарғы адамгершілік белгісі ретінде оның бүкіл тыныс тіршілігі аса маңызды қасиеттің бірі болып саналады. «Мейірімділік махаббат, қайырымдылық, адалдық секілді ақ жүректен шығады» - деген Шәкәрім атамыз.

Әлеуметтік педагогтың жұмыс нысаны оның жұмыс істейтін мәселесінің ерекшелігімен анықталады.

Әлеуметтік қызметкер зорлық-зомбылықтан бас тартуға негізделеді. Ол жынысына, жасына, ұлтына, дініне, тіліне, саяси қуғынға қарамастан жүзеге асырылады. Әлеуметтік қызметкердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру үшін клиентпен қарым-қатынаста, аталған қасиеттердің барлығын дұрыс қолдануы тиіс. Клиентпен жұмыс барысында бұйрық бермеуге, тыйым салмауға жеке адам ретінде лайықтылығы мен ерекшеліктерін сыйлай отырып, бағыт беруі. [4]

Әлеуметтік қызметкер клиенттің тыңдай біліп, қолдау көрсету мен жағдайын түсінуге, оның мәселесіне кіре алуға, қайырымын сезіне білуі керек.

Әлеуметтік қызметкер әрбір адамның құқығын және әлеуметтік топтың құқығын олардың тәуелсіздігі мен ар-ұжданына «Адам құқығы туралы БҰҰ-ның партиясы» және басқа да халықаралық құқықтарды басшылыққа ала отырып сыйлауы тиіс. Әлеуметтік қызмет үшін жақсы тәрбие белгісі ғана емес, жұмыстың табысты болуы керек. Адамға деген кәсіби қамқорлықты көрсету немесе оған көмек көрсетуге дайын тұрудан ғана тұрмайды. Сонымен қатар ол клиентке және оның проблемаларына, статусын өзгерту тілегіне, барлық кездескен қиыншылықтарды жеңуге шын мәнінде қызығушылық танытуы керек. [5]

Әлеуметтік қызметкердің ықыластылығы клиент өмірінде болып жатқан өзгерістерге бара бар және дер кезінде әсер етуге, сондай-ақ дұрыс шешімді уақытында қабылдауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік қызметкердің клиентке деген ықыластылығы клиент өмірінде болып жатқан өзгерістерге бара бар сенімділігін білдіреді. Клиент проблемасын толық айтпай, томаға тұйықталып қанағаттанбаушылық және түсініксіз сезімдер болатын болса, онда әлеуметтік қызметкердің ықыласының аз болғандығы, сондықтан оны болдырмауы керек. [6]

Дәлдік деп аталған сөздің дұрыстығында пайда болған әлеуметтік қызметкер клиенті үшін немесе әріптестері үшін көңілі қалаған шаралардың бәрін істей бермейді. Сондықтан кейде мен істеймін дегендердің орнына сол кезде туындаған қиындықтарды жайлап түсіндіру арқылы мен істеуге тырысамын деп айтқан дұрыс.

Егер ол ойластырылған шаруашылықтың жүзеге асырылуына сенімді болса, уәде берген жағдайда оны орындауға тиіс. Дәлдік бұл уәдеде тұру, міндеттелген жұмысты істей білу. Дәлдік басқа адамға деген құрметтің өзіндік формасы, өйткені сол адам жұмысқа кешікпей, клиентті ұзақ күткізбей, басқа біреулердің уақытымен санаса алғаны жөн. Орындауға болмайтын құр уәде бермей, сөзқадірін бағалай біледі. Тағы да қайталап айтатын жағдай әлеуметтік қызметкердің кішіпейілділігі мен сергектігі, қарапайымдылығы мен әдептілігі, дәлдігі, зерделілігі әрдайым табиғи болғанда ғана

әлеуметтік қызметкер педагогикалық шеберлігін көрсете алады. Егер адамдардың жан дүниесінде мақұрым болса, клиенттердің жасандылығын іштей шықпаған кішіпейіл екенін бірден аңғарады, әдетте мұндай пиғылмен ешкімді алдай алмайсың. Мұндай жағдайда әлеуметтік қызметкер тарапынан дөрекілік те көрініп жатады. [7]

Әлеуметтік қызметкердің бойында әдептілік пен мейірімділік болуы тиіс. Онда конструктивті дамытуды әріптестермен мейірімді қарым-қатынас жасау өз лауазымына сәйкес әдептіліктің және мәдениеттіліктің маңыздылығын ұғынғаны жөн.

Клиенттермен және олардың жақындарымен әріптестерімен әртүрлі мекеме өкілдерімен қарым-қатынаста және мемлекеттік, солардың атынан әрекет көрсететін ресми тұлға ретінде әлеуметтік қызметкер сыртқы келбетімен, жүріс-тұрысы мен сөзі, жалпы қабылданған әдеп ережесіне сай болуы керек. Оған тек қана сенімділік пен жұмыстың тиімділігіне байланысты емес, сонымен қатар әлеуметтік жұмыс туралы көпшіліктің ой-пікірімен санасуы тиіс.

Адамдармен қарым-қатынастарында екі жүзділіктің қарама-қарсы формасы емес, адамның абыройына мейірімді болу белгілерін білдіреді. I

Ізеттілік адамға қызметтетін бірінші қадам болғандықтан, клиентке көңіл аудару, адамды түсінуге деген ұмтылыс, қажет болған жағдайда оған көмек көрсету формаларын қалыптастыру. [8]

Әлеуметтік қызметкер үшін мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар мен мемлекеттің өкілдерімен қарым-қатынас қажетті қатынас болып табылады. Себебі, мамандық мәнінің ішкі көрінісі мұқтаж адамдардың намысына тіл тигізбей, әрқашан көмекке дайын тұруын білдіретінін бәріміз білдік.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келетін болсам, әлеуметтік қызметкер өзінің мәдениеті мен педагогикалық шеберлігін қолдану үшін бойында мынадай қасиеттері болуы керек. Клиентпен қарым-қатынаста мейірімділік, шыдамдылық, байсалдылық (ұстамдылық), адамға деген махаббат, өзін-өзі бағалауы, әділеттілік, әдептілік, сенімділік қасиеттерін таныта білуі тиіс. Ал әлеуметтік қызметкердің жеке ерекшеліктеріне тоқталсам, оларға байсалдылық, алдын ала сезе білуі, интуициясының дамығандағы, басқалардың жетістігіне, қайғы-қуанышына сезімтал, әртүрлі шарттар мен жағдайлардан шығудың жолдарын шұғыл және дұрыс таба алуы жатады. Басқа адамдардың қал-жағдайын, сұрау талаптарын түсіне алатын және өзін-өзі басқару мүмкіндігі мол болуы керек.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Педагогикалық кеңес №4 2007ж, №4/6
2. Әлеуметтік жұмысты ұйымдастырудың негізгі принциптері Байтен А.Ж.
3. Әлеуметтік жұмыс Сарсенова Ж.Н.
4. Социальная работа Холостова Е.И.
5. Педагогика №10/12 2006 ж
6. «Егемен Қазақстан» газеті 15 мамыр 2008ж
7. Қазақстан мектебі №9 2003ж, 58-59 бет
8. Мектептегі психология №4 2006 ж

Абишева С.К., Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова, факультет иностранных языков, магистрант гр. МИЯ-11

(*Научный руководитель – д.п.н., профессор Жетписбаева Б.А.*)

ПРОБЛЕМЫ ОТБОРА СОДЕРЖАНИЯ ДИСЦИПЛИНЫ «ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННЫЙ ИНОСТРАННЫЙ ЯЗЫК»

В эпоху глобализации и информатизации современного мира резко возросла роль иностранных языков. С вхождением Казахстана в мировое образовательное пространство, в частности, с вступлением в Болонский процесс, внимание к проблеме обучения языкам усиливается. В связи с этим, иноязычная профессионально-коммуникативная компетенция стала неотъемлемым элементом подготовки высококвалифицированных, конкурентоспособных специалистов, мобильных на образовательном пространстве и на международном рынке труда, способных свободно общаться на иностранном языке, знакомиться с новой литературой по специальности, готовить необходимые документы, совершать бизнес-командировки, выступать на профессиональные темы и т.д.

В «Государственной программе индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015-2019» отмечено, что в Республике Казахстан существует недостаток и низкая